

Қазынашылық облигациялар	Мәні	Апталық өзгеріс*	Айлық өзгеріс*	Жылдық өзгеріс*
АҚШ 10 ж.	4,44	5	39	25
Қазақстан 10 ж.	15,16	24	8	136
Gilt, 10 ж.	4,97	-	65	44
Bund, 10 ж.	3,10	6	39	20

Money market indices	Мәні	Апталық өзгеріс*	Айлық өзгеріс*	Жылдық өзгеріс*
SOFR	3,65	3	-2,0	10
EUORDEPO	1,90	3	3	2
TONIA	17,81	351	47	351
TWINA	17,78	300	37	300
SWAP-1D (USD)	14,17	40	348	542
SWAP-2D (USD)	14,29	80	357	539

Credit spreads (OAS)	Мәні	Апталық өзгеріс*	Айлық өзгеріс*	Жылдық өзгеріс*
US HY (LF98TRUU Index)	363,03	1 711	5 486	7 010
US IG (LUACTRUU Index)	90,83	232	1 075	1 243
EM HY (BEBGTRUU Index)	385,59	712	5 259	4 586
EM IG(I04276US Index)	101,20	381	1 169	1 528

### Өткен аптадағы МБҚ орналастырылуы

ISIN	Тикер	Күні	Шығарылым көлемі, млн тг	Кірістілік, %	Купон, %	Өтелуіне дейінгі мерзім (жыл)
KZKD00001319	MUM072_0016	26.03.2026	51 240	15,10%	15,18	2 866 (8)
KZKD00001327	MUM096_0016	26.03.2026	80 323	15,16%	15,10	2 109 (6)


### Алдағы МҚБ орналастырулары

ISIN	Тикер	Күні	Жарияланған көлем, млн тг	Купон, %	Өтелуіне дейінгі мерзім (жыл)
KZKD00000725	MUM300_0001	07.04.2026	10 000	7,90	4 573 (12,7)
KZKD00001301	MUM096_0015	07.04.2026	50 000	14,45	2 578 (7,2)
KZKD00000964	MUM156_0006	07.04.2026	20 000	8,44	1 833 (5,1)
KZK200000737	MOM060_0054	07.04.2026	30 000	15,35	581 (1,6)


### Негізгі мөлшерлемелер

Ел / аймақ	Негізгі мөлшерлеме	Шешім қабылданған күн	Келесі отырыс күні
АҚШ	3,75%	18.03.2026	29.04.2026
ЕОБ	2,15%	18.03.2026	29.04.2026
Қазақстан	18,00%	10.03.2026	24.04.2026

МБҚ бойынша SPOT қисығы



US Treasury Yield Curve



## Fixed income

**US Treasuries.** Өткен аптада АҚШ-тың қазынашылық облигациялар нарығында геосаяси белгісіздік пен мұнай бағасының динамикасы аясында жоғары құбылмалылық байқалды. Аптаның басында мұнай бағасының күрт өсуі және Иран төңірегіндегі қақтығыстың күшеюі нәтижесінде кірістіліктер айтарлықтай өсті. Бұл инфляциялық күтулерді күшейтіп, инвесторларды ФРЖ жоғары мөлшерлемелерді ұзақ уақыт сақтауы мүмкін деген болжамды ескеруге мәжбүр етті. Аптаның ортасына қарай нарық қақтығыстың бәсеңдеуіне қатысты үміттерді ескере бастады: мұнай бағасы төмендеп, қазынашылық облигациялар кірістілігі де төмендеді. Алайда бұл оптимизм қысқа мерзімді болды — мұнай бағасының қайта өсуі және аукциондағы сұраныстың әлсіз болуы аясында кірістіліктер қайтадан жоғарылай бастады.

Аптаның соңына қарай Иранмен келіссөздерге қатысты белгісіздік пен нарықтағы жоғары құбылмалылық кірістіліктерге қысым көрсетуді жалғастырды. Инвесторлар инфляцияның жеделдеуі және ФРЖ-ның ақша-несие саясатының қатаюы мүмкін деген тәуекелдерді ескеруді жалғастырды, бұл кірістіліктің қайта өсуіне әкелді. Нәтижесінде қазынашылық облигациялар аптаны жоғары деңгейде аяқтады.

**Корпоративті облигациялар.** АҚШ-тың жоғары табысты облигациялар сегментінде (US HY) кірістіліктің ең айқын кеңеюі байқалды, ал жиынтық табыстылық теріс аймақта қалды. Бұл тәуекелі жоғары борыштық құралдарға қысымның күшейгенін және инвесторлардың осы сегментке қызығушылығының төмендегенін көрсетеді.


АҚШ-тың инвестициялық деңгейдегі облигациялар секторында (US IG) кірістіліктің өсуі анағұрлым қалыпты болды, бұл ретте жиынтық табыстылық оң аймақта сақталды. Бұл жоғары несиелік сападағы бағалы қағаздардың салыстырмалы тұрақтылығын және қорғаныс сипатын көрсетеді.

Дамушы нарықтардың жоғары табысты облигациялар сегменті (EM HY) кірістіліктің қалыпты кеңеюін көрсетті, ал жиынтық табыстылық теріс аймақта қалды. Бұл сегменттің жаһандық тәуекелдер мен инвесторлардың көңіл-күйінің өзгерістеріне жоғары сезімтал екенін білдіреді.

Дамушы елдердің инвестициялық деңгейдегі облигациялар сегментінде (EM IG) кірістіліктердегі өзгерістер минималды болды, ал жиынтық табыстылық теріс аймақта қалыптасты. Бұл жаһандық кірістіліктердің өсуі аясында борыштық нарықтарға жалпы қысым сақталғанын көрсетеді.

**МБҚ нарығы.** Өткен аптада Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі 131 млрд теңге сомасына 2 мемлекеттік облигациялар шығарылымын орналастырып, жоспарланған орналастыру көлемін орындады. Соңғы шығарылымдар бойынша негізгі сатып алушылар институционалдық инвесторлар болды, олардың үлесіне орналастырылған көлемнің 88%-ы тиесілі болды. Алдағы аптада Қаржы министрлігі жалпы сомасы 110 млрд теңгеге мемлекеттік бағалы қағаздарды орналастыру бойынша 4 аукцион өткізуді жоспарлап отыр.

Кірістілік пен спредтердегі өзгерістер



Қор индекстері	Мәні, теңге	Апталық өзгеріс	Жылдық өзгеріс
<b>АҚШ</b>			
S&P 500	6 368,85	-2,12%	7,2%
NASDAQ	20 948,36	-3,23%	-9,8%
DJIA	45 166,64	-0,90%	6,5%
CBOE Volatility Index (VIX)	31,05	15,94%	92,5%

<b>Еуропа</b>			
FTSE 100	9 967,35	0,49%	0,2%
DAX	1 904,14	-0,33%	-8,3%

<b>Азия</b>			
Hang Seng	24 951,88	-1,29%	-5,3%
Nikkei 225	53 373,07	4,26%	35,8%
Shanghai SE	3 913,72	-1,09%	20,0%

<b>Қазақстан</b>			
KASE	7 725,19	-0,62%	36,0%

Валюта	Мәні	Апталық өзгеріс	Жылдық өзгеріс
USD/KZT	483,09	0,49%	-4,7%
RUB/KZT	6,43	0,00%	0,4%
CNY/RUB	11,19	-7,85%	1,8%
EUR/USD	1,15	-0,54%	-1,8%

Тауар-шикізат нарықтары	Мәні	Апталық өзгеріс	Жылдық өзгеріс
Brent (USD/BBL)	112,6	0,34%	85,3%
WTI (USD/BBL)	99,6	1,34%	73,8%
Золото (USD/OZS)	4 492,0	-1,72%	4,1%

Алдағы аптаның жарияланымдары		
Күні	Ел	Жарияланым
	Қытай	Өндірістік сектордағы іскерлік белсенділік индексі (наурыз)
Сейсенбі, 31 наурыз	Еуроаймақ	Тұтыну бағалары индексі, жылдық мәнде (наурыз)
	АҚШ	JOLTS деректері бойынша бос жұмыс орындары (ақпан)
	Еуроаймақ	Еуроаймақтың өндірістік секторындағы іскерлік белсенділік индексі (наурыз)
	Еуроаймақ	Жұмыссыздық деңгейі (ақпан)
Сәрсенбі, 01 сәуір	АҚШ	Бөлшек сауда (а) (ақпан)
	АҚШ	Шикі мұнай қоры
Бейсенбі, 02 сәуір	АҚШ	Жұмыссыздық бойынша алғашқы өтінімдер саны
	АҚШ	Жұмыссыздық деңгейі (наурыз)
Жұма, 03 сәуір	АҚШ	Қызмет көрсету секторындағы іскерлік белсенділік индексі S&P Global (наурыз)

## Әлемдік қор нарықтары

Қор нарықтары сауда аптасын төмендеумен аяқтады. S&P 500 индексі 2,12%-ға төмендеп, 6 368,85 тармақты құрады; Nasdaq Composite 3,23%-ға құлдырап, 20 948,36 тармаққа жетті, ал Dow Jones өнеркәсіптік индексі 0,90%-ға төмендеп, 45 166,64 деңгейінде жабылды.

Аптаның басында әлемдік қор нарықтарындағы көңіл-күй мұнай бағасының күрт өсуі және Иран төңірегіндегі қақтығыстың ұшығуы аясында шиеленісті болып қалды. Мұнай бағасы шамамен соңғы төрт жылдағы ең жоғары деңгейге жетті, ал Кувейттегі мұнай өңдеу нысанына жасалған шабуыл және АҚШ-тың Таяу Шығысқа қосымша әскер жіберуі инвесторлардың алаңдаушылығын күшейтті.

Аптаның ортасына қарай нарық динамикасы біршама оң бағытқа өзгерді. Бастапқыда қысым сақталғанымен, АҚШ-тың Иранның энергетикалық инфрақұрылымына соққыны кейінге қалдырғаны туралы жаңалықтардан кейін акциялар күрт өсті. Дегенмен нарық геосаяси белгісіздік пен инфляциялық тәуекелдерге сезімтал күйінде қалды, ал инвесторлар толық тәуекелге бару режиміне көшкен жоқ.

Аптаның екінші жартысында оң динамика қайтадан құбылмалы сипат алды. Келіссөздердегі ілгерілеу және ықтимал бейбіт жоспар туралы хабарлар сәрсенбі күні акциялардың өсуіне ықпал етті, әсіресе банк және энергетика секторларында өсім байқалды. Бұл ретте мұнай бағасының төмендеуі инфляциялық тәуекелдердің уақытша әлсіреуі ретінде қабылданды. Алайда бейсенбі күні деэскалацияға қатысты үміттер әлсіреп, Иран АҚШ ұсынысын қабылдамады, мұнай бағасы қайта өсті, ал қазынашылық облигациялар кірістілігі мен доллар нығайды. Nasdaq ресми түрде түзету аймағына кіріп, жаһандық индекстер төмендеді.



Апта соңына қарай нарықтағы көңіл-күй айтарлықтай нашарлады. Dow Jones түзету аймағына кірді, S&P 500 мен Nasdaq жеті айдан астам уақыттағы ең төменгі деңгейлерде жабылды, ал құбылмалылық индексі 2023 жылдың сәуірінен бергі ең жоғары деңгейге жетті. Нарық АҚШ-тың Ормуз бұғазы бойынша кезекті кейінге қалдыруына айтарлықтай реакция білдірмей, мұнай бағасының өсуіне, инфляциялық тәуекелдерге және 2026 жылы ФРЖ мөлшерлемені төмендетпеуі мүмкін деген болжамдарға назар аударды. Ең үлкен қысымды ірі технологиялық компаниялар, бағдарламалық қамтамасыз ету және тұтынушылық секторлар көрсетті. Жалпы алғанда, апта геосаяси және макроэкономикалық белгісіздік аясында жаһандық қор индекстерінің төмендеуімен аяқталды.

## Мұнай

Өткен аптада Brent маркалы мұнай бағасы 0,3%-ға өсіп, барреліне \$112,57 деңгейіне жетті. Америкалық WTI мұнайының бағасы да 1,3%-ға көтеріліп, барреліне \$99,64 болды. Өткен аптада мұнай нарығында Таяу Шығыстағы геосаяси шиеленіс пен жеткізілімдердің үзілуіне қатысты күтулер аясында жоғары құбылмалылық байқалды. Аптаның басында бағалар Ормуз бұғазы арқылы тасымалдаудың іс жүзінде шектелуі және Таяу Шығыс өндірісінің едәуір бөлігі қысқаруы мүмкін деген болжамдар аясында өсуді жалғастырып, 2022 жылдың шілдесінен бергі ең жоғары деңгейге жетті. Бағаның өсуі нарықтың жеткізілім тәуекелдерін алдын ала бағалауымен байланысты болды.

Аптаның ортасына қарай динамика күрт өзгерді. АҚШ президентінің Иранның энергетикалық инфрақұрылымына соққы беруді кейінге қалдыру туралы мәлімдемесі және Иранмен конструктивті келіссөздер туралы ақпарат аясында мұнай бағасы шамамен 11%-ға төмендеп, бағадағы әскери тәуекел сыйақысының бір бөлігі жойылды. Алайда келесі күні котировкалар қайтадан күрт өсіп, жоғары құбылмалылық сақталды, себебі инвесторлар жеткізілім тапшылығының сақталуын және қақтығыстың бәсеңдеу ықтималдығын қатар бағалады.

Аптаның екінші жартысында нарық қайтадан өсім көрсетті. Қақтығысты тез реттеу жөніндегі үміттердің әлсіреуі, Иранның АҚШ ұсынысына теріс реакциясы, қосымша әскери күштердің жіберілуі және жаңа шабуылдар қаупі аясында мұнай бағасы \$108 деңгейіне дейін көтерілді. Апта соңына қарай өсім жалғасты: инвесторлар атысты тоқтату мүмкіндігіне күмән келтіріп, ұзаққа созылатын қақтығыс тәуекелін бағаға енгізуді жалғастырды. Нәтижесінде мұнай бағасы \$112,57 деңгейіне жетті. Жалпы алғанда, апта ұсыныс тапшылығы, геосаяси белгісіздік және жоғары құбылмалылық аясында өтті, бұл мұнай бағасының өсуін қолдады.



Centras Securities Telegram-арнасына жазылыңыз немесе сілтеме арқылы өтіңіз <https://t.me/centrassecurities>  
Біздің сайт: <https://cesec.kz/>

# Байланыс



## Аналитика департаменті

**Байланыс:**  
**+7 (727) 259 88 77 (вн. 722)**

**Эл.адрес:**  
**analytics@centras.kz**

## Брокерлік қызмет көрсету

**Байланыс:**  
**+7 (727) 259 88 77 (вн. 608)**

**Эл.адрес:**  
**broker@centras.kz**

---

## Сауда операциялары департаменті

**Байланыс:**  
**+7 (727) 259 88 77 (вн. 730)**

**Эл.адрес:**  
**trade@centras.kz**

## Сату департаменті

**Байланыс:**  
**+7 (727) 259 88 77 (вн. 754)**

**Эл.адрес:**  
**broker@centras.kz**

---

Осы материалды АҚ "Сентрас Секьюритиз" -тің аналитика бөлімі дайындаған. Бұл жарияланған материал тек ақпараттық сипатқа ие және АҚ "Сентрас Секьюритиз" тарапынан қандай да бір қаржы құралдарын сатып алу, сату немесе қандай да бір мәмілеге қатысу туралы ұсыныс болып табылмайды. Бұл құжатта келтірілген ақпарат Bloomberg және KASE сияқты "Сентрас Секьюритиз"-тің сенімді деп санайтын дереккөздерден алынған. Алайда, АҚ "Сентрас Секьюритиз", оның басшылығы мен қызметкерлері мұндай ақпараттың дәлдігіне, толықтығына және шынайылығына толық кепілдік бермейді және оны пайдалануға байланысты туындауы мүмкін клиент шығындары үшін жауапты емес. Бұл құжатта келтірілген бағалаулар мен пікірлер Компания аналитиктерінің жеке қорытындыларына негізделген. Аналитиктердің сыйақысы олардың дайындаған аналитикалық шолуларының мазмұнына немесе берген ұсыныстарының сипатына байланысты емес. Бұл ақпарат көпшілікке таратуға арналмаған және АҚ "Сентрас Секьюритиз"-тің алдын ала жазабаша рұқсатынсыз толықтай немесе ішінара көшіруге, таратуға немесе жариялауға болмайды.

Сентрас Секьюритиз, 2025 ж.